

Мәдени, спорттық және спорттық-бұқаралық іс-шаралар афишаларын орналастыру үшін арнайы бөлінген орындардың тізбесін бекіту туралы

Шымкент қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 10 шілдедегі № 3633 қаулысы. Шымкент қаласының Әділет департаментінде 2024 жылғы 11 шілдеде № 219-17 болып тіркелді "Жарнама туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 17-2-бабы 1-тармағының 1-1) тармақшасына сәйкес Шымкент қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мәдени, спорттық және спорттық-бұқаралық іс-шаралар афишаларын орналастыру үшін арнайы бөлінген орындардың тізбесі осы қаулыға қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Шымкент қаласының мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Шымкент қаласының Әділет департаментінде тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Шымкент қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Шымкент қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Шымкент қаласының әкімі

Г. Сыздықбеков

Шымкент қаласы әкімдігінің
2024 жылғы "10" шілдедегі
№ 3633 қаулысына қосымша

Мәдени, спорттық және спорттық-бұқаралық іс-шаралар афишаларын орналастыру үшін арнайы бөлінген орындардың тізбесі

Р/с	Объектілердің тізбесі
1.	Шымкент қалалық Ж. Шанин атындағы академиялық қазақ драма театры (хабарламаға арналған экран) Қаратау ауданы, N. Nazarbaev даңғылы, 6
2.	Шымкент қалалық орыс драма театры Әл-Фараби ауданы, Әл-Фараби алаңы, 4/2
3.	Шымкент қалалық эзіл-сықақ және сатира театры Әл-Фараби ауданы, Қазыбек би көшесі, 21
4.	Шымкент қалалық өзбек драма театры Қаратау ауданы, Ибрагим ата көшесі, 118/21
5.	Шымкент қалалық опера және балет театры Тұран ауданы, А. Асқаров көшесі, 43/2
6.	Шымкент-Цирк Тұран ауданы, Б. Момышұлы көшесі, 20

7.	"Шымкент қалалық мәдениет үйі" концерттік ұйымы ғимараты (хабарламаға арналған экран) Қаратау ауданы, N. Nazarbaev даңғылы, 10/2
8.	Қажымұқан Мұнайтпасов атындағы орталық стадионы Тұран ауданы, Мәделі қожа көшесі, 1А

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК